

# *Ежелгі Рим мемлекеті*




# Тарихы

**Аппенин түбегінің орта шенінен Тибр өзені ағады. Жазықта латындар тайпасы тұрады. Б.з.д. VIII ғасырда Тибр сағасынан 25 шақырым жерде, жотада Рим қаласы пайда болды. Римнің өте ертедегі тұрғындарының ұрпақтары патрицийлер деп аталды. «Патер» әке деген сөз, яғни қаланың негізін өздерінің әкелері қалағанын патрицийлер мақтан еткен. Олар ортақ егіндік жері мен жайылымдығы бар қауым болып тұрды. Әрбір отбасын латынша фамилия деп атады. Римдіктер арасынан ірі жерлері бар, шаруашылығында көптеген құлдарды ұстайтын ақсүйектер шықты. Халықтың ең жоғарғы тобын – аристократтар құрады. Олар өзінің шығу тегі жағынан бұрыннан ауқаттылардың қатарына жататын ежелгі ұрпақ, ата-бабасының даңқы шыққан адамдары болды. Қоғам олар туралы үнемі жоғары пікірде болып, мемлекеттің маңызды істерін сеніп тапсырды.**



**Рим тарихын үш кезеңге бөлеміз: патшалық кезең, Республикалық және империялық кезеңдер. Римнің алғашқы патшасы Ромул болды. Римдегі патшалық кезең б.з.д. 753-509 жылдарды қамтиды.**





# Ежелгі Рим


*Ежелгі Рим (лат. Roma antiqua) — ерте заманның бас өркениеттерінің бірі, өз атауын Ромулдың атымен аталған астанасының есімінен алды. Рим орталығы Капитоли мен Палатин, Квиринал қоршаған батпақты жазықтықта құрылды. Рим өркениетіне этрусктер мен көне гректердің мәдениеті үлкен ықпал етті. Көне Римнің күштілігінің шыңы, б. з. II ғасырына келді. Сонда оның қол астындағы жерлер солтүстігінде қазіргі Шотландиядан, оңтүстігінде Эфиопияға дейін, шығысында Армениядан, батыста Португалияға дейін созылды.*





## **Рим империясының екіге бөлінуі**

**Рим империясының шығыс аймақтары экономикасының даму деңгейі жағынан варварлар шапқыншылығынан зардап шеккен батыс аймақтардан әлдеқайда алда болды. Сол себепті император I Константин б.з.б. 324 жылы астананы Рим қаласынан Босфор бұғазындағы Византий деген шағын қалаға көшірді. 330 жылы ол қаланың аты Константинополь (Жаңа Рим) деп өзгертілді. 395 жылы Рим империясы ресми түрде Батыс және Шығыс болып екіге бөлініп кетті. Константинополь Шығыс Рим империясының астанасы болып қалды. Бұл қала бұрын Византий деп аталғандықтан, Шығыс Рим империясы тарихта Византия империясы деп те аталады.**



***Жасыл түспен император Траян тұсындағы ( б.з.б.117 ж.) Рим империясы; көк түспен — I Юстиниан императорының тұсындағы (б.з.б. 550 ж.) империяның ең максималды аймағы; қызыл сызықпен - империяның б.з.б. 395 ж. екіге (Батыс және Шығыс) бөлінуі***



# Шығыс Рим империясы

*Шығыс Рим империясы немесе Византия империясы (325-1453) ( Батыс тарихшылары XIX ғасырда Шығыс Рим империясы атауының орнына Византия империясы деген атау берген. Византия халығы өздерін ромей деп атаған) — 395 – 1453 жылдар аралығында өмір сүрген мемлекет. Алғашында «Ромейлер империясы» деп аталған. Византия атауын Батыс тарихшылары XIX ғасырда енгізген.*



## *Батыс Рим империясының ыдырауы*

*IV ғасырда Рим империясы әлсірей бастады. Оның бірнеше себептері болды. Ең басты себеп - құлдар еңбегінің тиімсіздігі еді. Құлдар өнімді көп өндіруге мүдделі болмады. Еңбегіне ақы алмай, тек тамағы үшін ғана ауыр жұмыс істеуге мәжбүр болған құлдар қасақана еңбек құралдарын бүлдіріп, зиянкестік жасады, жұмыстан жиі бас тартты.*

*Билік басындағыларды, әскерді азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақпен қамтамасыз етіп отыру үшін халыққа салынатын салық мөлшері жылдан-жылға өсе берді. Сөйтіп өкіметке қарсы тек құлдардың ғана емес, қарапайым қала халқы мен шаруалардың да наразылығы күшейе түсті. Құлдар мен қарапайым еңбекші халық шіркеуге де сый-сыяпат, зекет ретінде алым-салықтар төлеп тұрды. Тойымсыз дінбасыларға деген наразылық қалың бұқара арасында күпірлер қозғалысын туғызды.*



# Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ежелгі Рим / [авт.: Д. Райан]; қаз. тіліне ауд.: М. Жұмағалиева. - М.: Махаон, 2011
2. Айтжан, Б.Е.  
Рим құқығы: оқу құралы / Б.Е. Айтжан; А.М. Хусаинова. - Оқу құралы. - Алматы: Жеті жарғы, 2005. - 80 б.
3. Тарих - адамзат ақыл-ойының қазынасы: 10 т. Т.2. Антикалық Грекия және Рим тарихи ой / Бас ред. И.Н. Тасмағамбетов. - Астана: Фолиант, 2005. - 413 б. - (Мәдени мұра).